

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі сомаға <қызметтердің атауы> қызметін сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес <қызметтердің атауы> қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызметтер) бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

- 1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің әрекетін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық іс-әрекеттерін орындау үшін, қызмет көрсету туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт.
- 2) Қызметтер - Шарттың 1.2.-тармағында көрсетілген, заттық мәні жоқ Тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекет.
- 3) Тұрғын емес үй-жай/ үй-жай - бұл Тапсырыс берушінің үй -жайы (2 312,5 ш.метр + 8 тұрақты орын) Алматы қаласы, Абай даңғылы, 150/230, 7-блок мекенжайындағы «Гауһартас» әкімшілік-тұрғын үй кешеніндегі тұрғын емес үй-жай (бұдан әрі - Нысан).

1.4. Құны және Қызметтер бойынша техникалық ерекше сипаттама Шартқа 1, 2-Қосымшаларда көрсетілген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) *(егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса)* (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізушіден төлемге электронды шот-фактураларды алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде Қызметті тиісінше көрсету фактісі бойынша ай сайын және қос Тарап қол қойған белгіленген тәртіпте рәсімделген көрсетілген Қызметтер Актісі (бұдан әрі – Акт) негізінде.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактураны, төлемге шотты және Актіні ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Тиісті түрде ресімделмеген электронды шот-фактураны, төлемге шотты және Актіні берген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Тапсырыс беруші оларға ақы төлеместен кері қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактураны, төлемге шотты және Актіні берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).*

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).*

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).*

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда);
- 5) өздігінен және меншікті құралдары есебінен тұрғын емес үй-жай ішіндегі инженерлік тораптар мен құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыруға;
- 6) ғимараттың басқа меншік иелерінің құқықтары мен мүдделерін бұзбауға;
- 7) Қажет болған жағдайда, өз бақылауымен (немесе өз өкілдерінің) жалпы инженерлік тораптарды жөндеу және апаттарды жою үшін нысанға Жеткізушінің өкілдерін, пайдалану ұйымдарының қызметкерлерін кіргізуге;
- 8) меншікті үй-жайларынан ғимарат қауіпсіздігіне қауіп тудыратын және/немесе материалдық зиян тигізетін жарамсыздықтарды тапқанда, дереу зақымдарды жою үшін мүмкін болатын шараларды қабылдауға және қажет болған жағдайларда бұл туралы Жеткізушіге немесе тиісті

апат қызметтеріне хабарлауға;

9) құрылыс қоқыстарын тасуды қамтамасыз етуге және жалпы қолданыстағы орындарға құрылыс қоқыстарын және құрылыс материалдарын қоюға жол бермеуге;

10) электр және басқа да аспаптарды қолданған кезде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға, қолдан жасалған сақтандыру құрылғыларын орнатуға жол бермеуге;

11) құрылыс нормалары мен қағидаларын сақтай отырып, өз үй-жайларын қайта жоспарлау мен қайта жарақтандыру бойынша жұмыстарды орындауға;

12) электр кабельдерін, телефон байланысы кабельдерін және басқа да кабельдерді Жеткізуші үй-жайларында төсеу қажет болған жағдайда, осындай төсем туралы Жеткізушінің техникалық қызметімен келісуге;

13) санитарлық құрылғыларға тез тұтанатын сұйықтықтарды, қышқылдарды, тұрмыстық және құрылыстық қалдықтарды және басқа да кәрізді бітеп тастайтын заттарды құймауға және тастамауға;

14) басқа автоиегерлерінің құқықтары мен мүдделеріне зиян келтірместен үй жанындағы автотұрақты пайдалануға, автомашиналарды тек паркингтегі өз тұрақ орындарына ғана қоюға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;

2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істелгендер, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге жазбаша дәлелдемелі бас тарту жібере отырып, ішінара немесе толықтай ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Тапсырыс беруші Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында, ақауларды анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;
- 7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 11) энергияменжабдықтау, жылуменжабдықтау, суменжабдықтауды және/немесе кәрізді пайдалануды тоқтатуды талап ететін жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізген жағдайда, Тапсырыс берушіні 3(үш) жұмыс күні бұрын 8 (727) 2599 091 телефоны бойынша қоса хабарласа отырып, хат немесе электронды поштамен: e-mail: info@сma-nbrk.kz жөндеу жұмыстарының түрі, датасы, өткізілетін уақыты туралы алдын ала жазбаша хабарландыруға;
- 12) Қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;
- 13) Қызмет көрсету кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қауіпсіз және басқа да Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен қағидалары талаптарына жауап беретін құрал-жабдықтарды және материалдарды пайдалануға;
- 14) Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету мәселелерімен тікелей байланысты талап етілген ақпараттарды Тапсырыс берушіге беруге;
- 15) Тапсырыс берушіге Шарттың 2.4.-тармағына сәйкес, жалпы қолданыстағы орындарға, жалпы инженерлік тораптар мен автопаркингке қызмет көрсету бойынша көрсетілген қызмет төлеміне электронды шот-фактураларды өткен айдан кейінгі айдың жиырма бесі күнінен кешіктірмей беруге;
- 16) Тапсырыс берушінің құқықтары мен мүдделеріне зиян келтірместен кедергісіз паркингтегі оған тиесілі тұрақ орындарын пайдалануды қамтамасыз етуге;
- 17) жеткізушілердің көрсететін коммуналдық және басқа да қызметтерінің көлемі мен сапасына, олардың сәйкес коммуналдық қызметтер мен басқа да қызметтерді жеткізу шарттарында бекітілген техникалық, санитарлық және басқа да талаптарға сәйкестігіне бақылау жүргізуге;
- 18) ғимараттың құрылымдық элементтерін, жалпы инженерлік тораптарды, құрал-

жабдықтарды, есептеу аспаптары мен өлшеу құралдарын жергілікті атқарушы органдар белгілеген мерзімде күзгі-қысқы кезеңде пайдалануға дайындауды жүргізуге. Уақтылы есептеу аспаптары мен өлшеу құралдарын тексеруді жүргізуге;

19) Тапсырыс берушінің алдын ала хабарламасымен, апатты жою үшін қажетті мерзімге инженерлік тораптарды істен ажырату құқығымен ғимараттың құрылымдық элементтерінде, ғимараттың жалпы инженерлік тораптарындағы апатты жою бойынша шұғыл шаралар қабылдауға. Инженерлік тораптарда апат туындаған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіні телефоны бойынша, e-mail немесе жазбаша хабарландырады.

20) Тапсырыс беруші үй-жайының ішіндегі инженерлік тораптарды істен ажырату мүмкін болмаған жағдайда, апатты жағдай кезінде немесе жоспарлы жөндеу өткізу кезінде жалпы инженерлік тораптарды істен ажыратуға;

21) Шарт бойынша Қызмет көрсету кезінде Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін құрал-жабдықтардың, материалдардың және Тапсырыс беруші мүлкінің оқыстан бүлінуі немесе оқыстан зақымдалуы тәуекелін көтеруге;

22) үшінші тұлғалардың Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Қызмет көрсету уақытында Жеткізуші кінәсінен зиян келтіру немесе тәртіп бұзуға жол беру себебімен қойған (үшінші тұлғалардың талаптары, сын-пікірлері) даулы мәселелерді Тапсырыс берушіні қатыстырмай өз есебінен шешуге;

23) Шарт бойынша міндеттемелерін, оның ішінде ақауларды жою бойынша, орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына байланысты шығыстарын өздігінен көтеруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4) *Қызмет көрсету кезінде бірлесіп орындаушыларды Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен іске тартуға.*

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – 2021 жылдың 1 шілде – 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде күн сайын.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 150/230.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметті көрсеткеннен кейін Тапсырыс берушіні бұл туралы хабарландырады және Актіні қол қою үшін жібереді.

5.2. Көрсетілген Қызметтер бойынша Тапсырыс берушіде ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тарап Актіге қол қояды.

5.3. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден хабарлама алған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілген ақауларды (кемшіліктер, ескертулер, шала

істелгендер, сәйкессіздіктер) жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1.-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болғанда – кемінде 1%, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тан жоғары болса – кемінде 0,5%) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) артық емес;
- 2) Көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда, ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) артық емес;
- 3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жоюдан бас тартқан/мүмкін болмаған жағдайда – Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл;

6.3. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алған конфиденциалды ақпараттарды жариялағаны салдарынан келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық құйылмаған сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз

ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.10. Тапсырыс беруші бастамасымен Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан біржақты тәртіпте Шарт бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шартты Жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.11. Жеткізуші кінәсі болмай (Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны), Тапсырыс беруші Шартты бұзуға бастамашы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күнінде Шарт бойынша нақты көрсетілген және қабылдап алған Қызметтерге ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді, ол 2021 жылғы 01 шілдеден бастап туындаған Тараптардың қатынастарына таралады және Тараптар ол бойынша өз

міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. – аты-жөні.

Портал закупок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

